

XFTAP 06.51.25

**Ж.Б.Рахметулина, А.Т. Карипова**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: rahmetulina\_zh@mail.ru)*

### **«Жібек жолы экономикалық белдеуі» және дамудың ұлттық стратегиялары**

**Аңдатпа.** Қазіргі уақытта халықаралық экономикалық қатынастардың дамуы жаһандық ауқымдағы, соның ішінде әлемдік шаруашылықтың дәстүрлі орталықтарының арасындағы бәсекелестіктің дамуымен сипатталады. Әлемдік аренада Азияның алдыңғы позицияға шығуына байланысты «Жібек жолы экономикалық белдеуін» (ЖЖЭБ) қалыптастыру және дамыту бүгінде өте өзекті болып отыр. Сонымен қатар әлемдік экономикада аймақтық өзара ықпалдастық үдерістерінің күшеюі байқалады.

Осы тұрғыда Қытайдың аталмыш бағдарламасына аралық аудит жасау бұл бастаманың ұсынылуының нақты себептері мен мақсаттарын, 2013 жылдан бері әлемде және аймақта жасалған қадамдарды түсінуге негіз береді.

Берілген мақалада авторлар аймақтық, ұлттық және әлемдік деңгейдегі ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен даму келешегіне, Қазақстанның аталған деңгейлердегі ұстанған позицияларына, ЖЖЭБ-не қатысты ұлттық мүдделерді жүзеге асыруға, сондай-ақ «Жібек жолы экономикалық белдеуінің» мәніне қатысты мәселелерге талдау жасаған. Берілген жұмыста Қазақстан мен Қытайдың экспорттық әлеуетінің бәсекеабілеттілігіне бағалау және талдау жасалған, елдер арасындағы сауда қатынастарының дамуы зерттелген.

**Түйін сөздері:** Жібек жолының экономикалық белдеуі, сауда-экономикалық ынтымақтастық, дамудың ұлттық стратегиялары.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2019-3-46-54>**

**Кіріспе.** Қазақстан «Белдеу және жол» бастамасында басты буын болып табылады. Қытайдың «Батысқа» барар жолы негізінен Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Бұл жобаны жүзеге асыру Қытайдың сыртқы саясатындағы маңызды бағытқа айналды және Орталық Азия «Жібек жолы экономикалық белдеуі» (ЖЖЭБ) бастамасында шешуші рөл атқарады [1].

Қазақстан аймақтық даму әлеуетін ашу үдерісінде Қытаймен белсенді қарым-қатынас жүргізе отырып, бүгінде Аспан асты елінің өз мүмкіндіктерін айқынырақ ұғынуына және жүзеге асыруына ықпал етуде. Тиімді сыртқы сауда саясаты, жаңғыру саясаты, технологиялық әлеуеті [2] Қазақстан экономикасының жедел дамуына әсер етті.

ЖЖЭБ экономика дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынын [3], тұрақтылық пен қауіпсіздік әкелетінін де атап өткен жөн. ЖЖЭБ жобасына қатысушы елдердің өзара ықпалдастыққа мүдделі екендігі олардың әр түрлі сипаттағы сыртқы қауіп-қатерлерге қарсы тұруға көмектесетін, саяси диалогқа, әріптестікке негізделген қауіпсіздіктің біртұтас кеңістігін құруға дайындығынан көрініс табады.

Си Цзиньпинь «Белдеу және жол» бастамасын ұсына отырып, Қытайдың әлемдік саясатта өзіне лайықты орнын алуына бағытталған жаһандық амбициялары бар екенін көрсету арқылы «көлеңкеден» шығуына ықпал етті [4].

Осылайша, «Белдеу және жол» бастамасы жеке геосаяси мүдде немесе көліктік-логистикалық жоба ғана емес, прогреске бағытталған бірлесіп өркендеу мен өзара ықпалдастық жолдары ретінде қазіргі әлемдік құрылыс стратегиясы, өзара әрекеттесудің айрықша саяси философиясы болып табылады.

**Зерттеу әдістері.** Мақалада тақырыптық материалды жүйелеу және құрылымдау негізінде кешенді талдау жасауға мүмкіндік беретін компилятивті, жүйелік, сондай-ақ таңдау, аналитикалық және сыни тәсілдер қолданылған.

Қытайдың аталмыш бағдарламасына берілген бастаманың ұсынылуының нақты себептері мен мақсаттарын, 2013 жылдан бері әлемде және аймақта жасалған қадамдарды түсінуге негіз беретін аралық аудит жасау арқылы зерттеу міндеттері жүзеге асырылған. Жұмыста аймақтық, ұлттық және әлемдік деңгейдегі ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен даму келешегіне, Қазақстанның аталған деңгейлердегі ұстанған позицияларына, ЖЖЭБ-не қатысты ұлттық мүдделерді жүзеге асыруға қатысты мәселелерге талдау жасаған.

**Әдеби шолу.** Қазіргі уақытта Қытай Орталық Азияда үлкен ықпал ету күшіне ие [5] және жалпы адамзат дамуының жаһандық келешегін айқындауға әсер етуге қабілетті. Қытай аймақтағы елдер үшін негізгі инвестор және басты саудалық серіктес ретінде Орталық Азияда маңызды рөлге ие [6,7] және әртүрлі аймақтық контекстерде әртүрлі аспектіде әрекет етіп отырған алпауыт мемлекетке айналуға [8,9].

Шетелдік экономистер осы мәселелерді зерттеуге елеулі үлес қосты: Zhang Hongzhou, Casey Michel, Kerr D., Younkyoo Kim, Fabio Indeo, Shisong Zhu, Zhuo Zhang, Захарова С.В., Лысенко Е.И., Соколова О.Ю., Уянаев С.В. және т.б. Қазақстанның экономикалық ғылымында бұл мәселенің түрлі аспектілері Ж.Раимбеков, Г.Садыханова, М.Шибуттов т.б. еңбектерінде жарық көрді.

Ғалымдардың берілген тақырыпты зерттеуде қосқан қомақты үлестеріне қарамастан, «Жібек жолы экономикалық белдеуі» бағдарламасындағы Қазақстанның ұлттық мүдделерінің жүзеге асырылуына бағыланысты мәселелер жеткілікті дәрежеде ашылмаған. Осы аталған аргумент берілген тақырыптың таңдалуына негіз болды. Зерттеудің маңыздылығы мен жаңалығы мәселенің кешенді түрде қарастырылуымен негізделген.

«Жібек жолы экономикалық белдеуі» бағыты бойында орналасқан елдер ынтымақтастығының мәселелері мен келешегі, сондай-ақ ұлттық экономикалардың экспорттық әлеуеттерін бағалау мәселелері қазіргі уақытта үлкен ғылыми және тәжірибелік қызығушылық тудырады. Аталған сұрақтардың түрлі аспектілері ҚР Үкіметінің іс-қимыл бағдарламаларында көрсетілген.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Қытайдың соңғы жиырма жылдағы қарқынды экономикалық өсуі, «Белдеу және жол» бастамасы Орталық Азия елдеріне Еуразиядағы жаңа бір даму орталығына айналу мүмкіндігін беріп отыр. Қытай экономикасының қарқынды жаңғыруымен қатар тұтас аймақ дамуының қажеттілігі туындады.

ҚХР ортаазиялық мемлекеттер үшін әлемнің басқа да ірі орталықтарымен байланыс орнату мақсатында көлік дәліздерін жаңғыртуға және кең ауқымды ықпалдастыққа мүдделі, қарқынды даму үстіндегі бизнес-әріптес болып табылады. Орталық Азия мемлекеттері Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы бизнес байланыстарды қайта жаңғырту үшін маңызды жолдар торабында орналасқандықтан, аталған аймақта аймақтық және елдік даму орталықтарын құру жобалары бүгінде өте өзекті болып отыр.

Азияның аймақтық интеграциясы – экономикалық жаһандану үдерісіндегі қажетті кезең. Алайда аймақтағы ықпалдастық жеткілікті дәрежеде дамымағандықтан Азияның жекелеген субаймақтарының даму деңгейерінде үлкен айырмашылық болуына және елдер арасында байланыстардың әлсіз болуына байланысты «Белдеу және жол» жобасы Азияның барлық – Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс, Батыс және Орталық субаймақтары интеграциясының ұзақ мерзімді стратегиялық келешегіне бағытталған, ауқымды қаржы салымдарын талап ететін, іске асуы тұрғысынан күрделі жоба болып табылады. «Белдеу және жол» жобасы аталған аймақтар арасындағы артықшылықтарды өзара алмасуды ынталандыруға, ұсыныс, өндіріс пен баға белгілеудің еуразиялық тізбегін қалыптастырып, жетілдіруге ықпал ете отырып, жалпы азиялық және еуразиялық ықпалдастықты дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтеруге бағытталған.

Бүгінде Қытай тарабы көрші мемлекеттермен «стратегиялық әріптестікке» негізделген дәстүрлі екі жақты формат, дамудың ұлттық жобаларының (ҚР-ның «Нұрлы Жол»

бағдарламасы мен қытайлық «Белдеу және жол» жобасы) үйлесуі, өзара ықпалдастықтың бұрыннан бар интеграциялық форматтарымен (ЕАЭО және ЖЖЭБ) түйісуі, ШЫҰ, БРИКС сияқты халықаралық ұйымдардың әрекеттерімен жан-жақты үйлесуі сияқты әр түрлі тәсілдерді қолданып отырғанын байқаймыз.

Қытай «Белдеу және жол» бастамасын халықаралық жоба ретінде ұсынғанымен, Қытай экономикасын дамытуға жаңа қарқын беру түпкі басты мақсаты болып табылады.

ҚХР-ның Төрағасы Си Цзиньпиннің ҚКП-ның XIX Съезінде жасаған баяндамасында атап өткеніндей: «Қытай экономикасы орташа жоғары өсу қарқынын (2017 жылы 6,9%) сақтап отыр және әлемнің ең озық елдерінің арасында алдыңғы позициялардың қатарында келеді. ЖІӨ көрсеткіші 54 трлн. юаннен 80 трлн. юанге дейін өсіп, аталған көрсеткіш бойынша Қытай әлемде екінші орында иеленді. Қытайдың әлемдік экономика өсуіне қосқан үлесі 30%-дан асады. Ұсыныс саласындағы құрылымдық реформалар тереңдеп, жалпы экономикалық құрылым үздіксіз оңтайландырылуда. Сандық экономика мен жаңа өндіріс салалары жедел дамып, инфрақұрылым құрылысы, соның ішінде жоғары жылдамдықты теміржолдар, автомагистральдар, көпірлер, порттар мен әуежайлар құрылысы қарқынды жүргізілді. Ауыл шаруашылығын жаңғыртуда нық қадамдар жасалды, астық өндіру қуаты 600 млн. тоннаға жетті. Қытай сыртқы саудада, шетелдегі инвестициялар және валюталық қорлар бойынша әлемде алға шықты».

«Белдеу және жол» бастамасына белсене қатысумен қатар Қытайдың жаңғырту тәжірибесіне аса ден қойып қадағалап отырған Қазақстан үшін үлкен жетістікке жеткен шығыстағы алып көрші мемлекеттің басшылығы бүгінде алдына қойған міндеттер мен мақсаттар, оларға қол жеткізу әдіс-тәсілдері аса қызықты.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында қытайлық реформаға ұқсас бірқатар міндеттер қойылған. Атап айтар болсақ, біздің еліміздің стратегиялық даму бағытына «Жалпыға бірдей еңбек қоғамын» құру, саяси трансформация үшін тұрақты экономикалық негізді құру («Біріншіден - экономика, содан кейін - саясат»), «Қазақстандық жолдың» ерекшеліктерін жүзеге асыруға әкелетін қоғамдық сананы жаңғырту, заманауи бәсекеге қабілетті мемлекет құру процесінде Ұлт Көшбасшысының ерекше рөлі сияқты шешуші әрі жүйелі ұғымдар тән.

Бұл стратегиялық мақсаттарға әлеуметтік теңгерімсіздіктерді жою үшін әлеуметтік жаңғыртуды жүзеге асыру, қоғам алдында жауапты, кәсіпқой мемлекетті қалыптастыру, азаматтардың көпшілігі үшін жоғары өмір сүру деңгейіне қол жеткізу, қазақ халқының жаңа жағдайларда қайта жаңғыруын қамтамасыз ететін қоғамдық сананы жаңғырту арқылы қол жеткізіледі. Бұл мақсаттар бүгінде Қытайдың алдына қойып отырған міндеттерімен сай келеді.


Қазақстан өз көршілерінен ертерек әрекет ете бастағандықтан, «Қытай қолшатыры» құрамына ену үшін инфрақұрылым тұрғысынан барынша дайын болды. Біріншіден, Қазақстан КСРО-дан мұраға қалған, ірі мемлекеттің шет аймақтарын байланыстыру үшін жеткілікті дәрежеде дамымаған автомобиль және теміржол инфрақұрылымын іске қосты, жұмыс істетті. Екіншіден, Қазақстан теңіз жолы бағыттарына шыға алмайтын ел болғандықтан, тауарлардың түпкілікті құнында көлік және логистикалық шығындардың үлесі жоғары, яғни 20% -дан астам болды. Бұл Ляньюньган портындағы контейнерлік тасымалдаулар бойынша Қазақстан-Қытай ықпалдастығы сияқты оңтайлы маршруттарды қарастыруды қажет етті. Үшіншіден, мұнайдан түскен жоғары кірістері республиканың Ұлттық қорын қалыптастыруға мүмкіндік берді, оның бір бөлігі инфрақұрылымды дамытуға бағытталған «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға бөлінді. Мәселен, 2015-2019 жылдар аралығында өз қаражаты есебінен және қарыз қаражаты есебінен (9 млрд. АҚШ доллары) бірқатар жобаларды іске асыру жалғасуда. Атап айтқанда, екі бағытты қарастыратын «Еуразия трансқұрлықтық дәлізі» іске қосылды. Ол бағыттар: а) Қазақстан,

Ресей және одан әрі Еуропаға; б) Қазақстан аумағы арқылы Қорғас арқылы Ақтау портына, одан әрі Каспий теңізі арқылы Әзірбайжанға содан кейін Грузияға. Төртіншіден, Қазақстан бағалы қағаздармен немесе инвестицияларды сақтандыру бойынша ағылшындық сипатта жұмыс істейтін халықаралық қаржы орталығын құрды, бұл өз кезегінде «Бір белдеу, бір жол» кешені аясында қазақстандық жер бағытының тартымдылығына басымдық береді. Демек, Қазақстанның инфрақұрылымы қытайлық тауарлардың транзиті үшін пайдалану тұрғысынан барынша дайын жүйе болып табылады және сәйкес инфрақұрылымы бар теміржол, автомобиль, теңіз жолдарынан тұрады.

«Белдеу және жол» жобасы басталған сәттен бастап екі ел арасында күрделі экономикалық мәселелерді шешуге көмектесетін, айрықша сенімге негізделген сәтті экономикалық байланыстар орын ала бастады. Қытай Қазақстанның көлік инфрақұрылымының ірі инвесторы болып табылады: 2018 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша аталмыш секторға салынған барлық инвестицияның 31,2%-ы қытайлық инвесторлармен салынған. Екі ел арасындағы инвестициялық жобалардың жалпы саны – 51, ал инвестициялардың жиынтық көлемі 27 млрд доллардан асады. 2018-2019 жылдарда инвестиция көлемі 4,4 млрд доллардан асатын тағы 11 жоба жүзеге аса бастады. Бұл жобалардың орындалуы 20 мыңға жуық жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

2018 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша қытайлық инвесторлардың салған инвестицияларының жиынтық көлемі 15,6млрд \$, ал алдыңғы жылдың сәйкес мерзімінде 14,8млрд \$ құраған. Соңғы үш жылда Қытайдан келген инвестиция ағынының сызықтық түрде 6,6%-ға дейін артуы байқалады.

2018 жылы алғаш рет қытайлық инвесторлардың басты құралы тікелей инвестициялар болды және оның көлемі 9,5 млрд долл. (барлық инвестициялардың 60,3%-ын) құрады. Портфельдік инвестициялар мен басқа да қаржы құралдарының жалпы инвестиция құрамындағы үлесі аз, 2,1 млн долл. (1%-дан аз) ғана құрайды. Алайда аталған құралдар арқылы салынған инвестициялар көлемі бір жыл ішінде 69,8%-ға артқан (сурет 1).




Ескерту: <https://nationalbank.kz>

Сурет 1- Қытайдың Қазақстан экономикасына инвестициялары 2018 ж.

1 жарты жылдығы, млн. АҚШ долл.

Салалық сегменттер бойынша бөліп қарастыратын болсақ, қытайлық инвесторлар үшін көлік және қоймалау (4,9 млрд \$), кен өндіру өнеркәсібі (2,6млрд \$), қаржы және сақтандыру қызметі (2,2млрд. \$.), құрылыс (2,1млрд \$) және өңдеу өнеркәсібі (2,1млрд \$) секторлары аса тартымды болып табылады және бұған дейін басым болып келген көтерме-бөлшек сауда саласын (833,1 млн \$) артта қалдырды. Аталған ТОП-5 саланың барлық қытайлық инвестициялар көлеміндегі үлес салмағы 88,9%-ды (14 млрд \$) құрайды (сурет 2).





Ескерту: <https://nationalbank.kz>

Сурет 2- ҚХР-ның салалар бойынша ТОП-5 инвестициялары, 2018 ж. 1 жарты жылдығы, млн. АҚШ долл.

Басты жоба – «Белдеу және жол» бастамасы аясында 6 жыл ішінде, Ляньюньган порты; Қытаймен шекарадағы «Қорғас-Шығыс қақпа» құрғақ порты, Каспий теңізіндегі Ақтау порты, Орталық Азия елдерін Парсы шығанағымен және Иранның оңтүстігіндегі Бендер-Аббас портымен қосатын жалпы ұзындығы 900 шақырымды құрайтын Қазақстан-Түркіменстан-Иран жаңа теміржол дәлізі, сондай-ақ бір бөлігі Қазақстан аумағы арқылы өтетін Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәлізі сияқты бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылды. «Белдеу және жол» бойында қытайлық компаниялардың қатысуымен 80-нен астам сауда-экономикалық ықпалдастық аймақтары құрылып, 200 мыңнан аса жұмыс орындары ашылған.

Нарықтардың жаһандану үдерісі қаржы секторының есебінен де күшейе түсуде. Астана және оның қаржы орталығы халықаралық инвесторлардың инвестициялық белсенділігін біріктіруде. Қытай осы орайда қазақстандық капитал нарығын дамытуға белсене қатысып отыр. 2018 жылы қаржы орталығында негізделген 5 меморандум мен келісімшарттарға (2016-2018 жж. жалпы саны – 13) қол қойылған. Ол келісімдердің басты мақсаты жоғары сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге және жаңа қаржылық қызметтерді әзірлеуге бағытталған трансшекаралық бизнесті дамыту болып табылады.

2018 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Қазақстан мен Қытайдың сыртқы сауда айналымы 8,2 млрд \$ (бір жыл бұрын - 7,4 млрд \$) құраған. Қытай Қазақстанның басты серіктестерінің бірі болып табылады: жалпы тауар айналымы көлеміндегі (68,2 млрд \$) ҚХР-ның үлесі 12,1%-ды құрайды.

Қазақстандық тауарлар мен қызметтердің Қытайға экспорты мен импорты теңестірілді: экспорт – 4,2 млрд \$. (+6,6%), импорт – 4 млрд \$ (+17,2%). Алайда Қытайға қазақстандық экспорттың өсуі 2011 жылы тоқтап, бір-екі жыл тұрақтылығын сақтап, сосын қысқарып отырғанын атап өткен жөн (кесте 1).

Кестеден байқағанымыздай, 17 жыл бойы Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда оң сальдомен жүзеге асырылған, алайда соңғы жылдарда бұл көрсеткіш қысқарған. Екі ел арасындағы сауда сальдосы 2011 жылы өзінің ең жоғары мәніне ие болған. М.Шибуртовтың пікірінше, қазіргі уақытта Қазақстан мен Қытайдың арасындағы қарым-қатынастың жаңа үлгісі қалыптасуда.

ҚР-ның Қытайға тауар экспорты мен импорты, млн АҚШ долл.

жыл	Экспорт	Импорт	жыл	Экспорт	Импорт
2001	646,7	172,0	2010	10122,1	3964,5
2002	1018,7	313,0	2011	16291,5	5021,1
2003	1653,1	523,7	2012	16484,4	7497,7
2004	1966,9	758,2	2013	14373,7	8364,5
2005	2422,5	1251,8	2014	9799,4	7357,2
2006	3592,5	1924,9	2015	5480,1	5987,8
2007	5635,9	3507,3	2016	4214,9	3665,7
2008	7676,6	4565,1	2017	5777,7	4692,2
2009	5888,6	3509,5	2018	4200,0	4000,0

Атап айтқанда, Қазақстан Қытайға экспорт көлемін қысқартқан, демек, ҚХР өткізу нарығы ретінде маңызы төмендеуде. Оның ойынша, Қытайды Қазақстан тек уран жеткізуші ретінде ғана қызықтырады. Ал ҚХР-нан импорт көлемі өсуде, сәйкесінше ҚР үшін сауда-саттықтың теріс сальдосы да артуда. Қазақстан ҚХР нарығына шикізат экспорттаушыдан қытайлық тауарларды әрі қарайғы қайта сату мен жеке тұтыну үшін сатып алушыға айналып отыр [10].

**Жұмыс нәтижелері бойынша қорытынды.** Қазақстан мен Қытайдың екі жақты стратегиялық саяси қатынастарды, Ұлы Жібек жолындағы тиімді экономикалық және адами достық байланыстарды орнату арқылы ішкі дамудың ұқсас стратегиясын ұстануы әлемдік саясаттағы бүгінде туындап отырған мәселелерге қарамастан, арадағы қарым-қатынаста қажетті синергияны қамтамасыз етеді. «Белдеу және жол» жобасы басталған сәттен бастап екі ел арасында күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін айрықша сенімге негізделген, экономикалық тұрғыда сәтті байланыстар қалыптаса бастады.

*Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2018-2020 жж. (№ AP05131498 жоба) қаржыландыратын грант қолдады.*

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Zhang Hongzhou. Building the Silk Road Economic Belt: Problems and Priorities in Central Asia// Policy Report.- Nanyang Technological University, 2015, 20 p.
- 2 Sadykhanova G.A., Turginbayeva A.N., Celetti D., Nurtasova B.E. The trade and investment cooperation of the EAEU// The Journal of Economic Research & Business Administration.-2019.- Vol. 126(4). p.117-126.
- 3 Raimbekov Zh., Syzdykbayeva B., Zhenskhan D., Rakhmetulina Zh. The effectiveness of logistics development and its impact on the economies of the countries along the Silk Road passing through Kazakhstan // Transport problems.- 2018.-Vol. 13 (4).- p. 127-143.
- 4 Уянаев С.В. Инициатива КНР «Один пояс, один путь»: эволюция, документы, взгляд из России// Проблемы Дальнего Востока.– 2015.-№ 4. – 8–21б.

- 5 Casey Michel. China Edging Russia out of Central Asia. The Diplomat, 11.11.2014 [Эл.ресурс]. -URL: <https://thediplomat.com/2014/11/china-edging-russia-out-of-central-asia/> (жүгіну мерзімі: 30.07.2019).
- 6 Shisong Zhu, Zhuo Zhang. Does the economic openness promote the five Central Asian countries 'economic development? - the analysis based on the data of 1992-2011// *Економічний вісник університету*.-2015.- Vol. 25/1.- pp.141-148.
- 7 Захарова С.В., Соколова О.Ю., Лысенко Е.И. Показатели развития внешней торговли Евразийского экономического союза// Развитие международного торгового потенциала России: проблемы и перспективы. – Саратов: Изд-во ССЭИ РЭУ им. Г.В.Плеханова.- 2016.- 148 с.
- 8 Kerr D. Strategic regionalism: central Asian and Russian perspectives on China's re-emergence// *International Affairs*.-2010.- Vol.86, Issue 1.- pp. 127–152.
- 9 Younkyoo Kim, Fabio Indeo. The new great game in Central Asia post 2014: The US "New Silk Road" strategy and Sino-Russian rivalry//*Communist and Post-Communist Studies*.- 2013.- Vol. 46, Issue 2.- pp. 275-286.
- 10 Шибутов М. Специфика современных торговых отношений Казахстана и Китая: экспертные оценки [Эл. ресурс].– URL: [http://www.chinastudies.kz/ru/publications/kazakhstan\\_and\\_china/312/](http://www.chinastudies.kz/ru/publications/kazakhstan_and_china/312/)(жүгіну мерзімі: 30.07.2019)

**Ж.Б. Рахметулина, А.Т. Карипова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан,  
Казахстан*

### **«Экономический пояс Шелкового пути» и национальные стратегии развития**

**Аннотация.** В настоящее время развитие международных экономических связей характеризуется усилением конкуренции в глобальном масштабе, в том числе между традиционными центрами мирового хозяйства. На фоне беспрецедентного продвижения Азии на передовые позиции мировой арены вопрос формирования и развития «Экономического пояса Шелкового пути» (ЭПШП) очень актуален. Одновременно в глобальной экономике наблюдается усиление процессов регионального взаимодействия.

В этом контексте представляется целесообразным провести своеобразный промежуточный аудит программы Китая, который даст основание для понимания, почему данная инициатива была выдвинута, какие конкретные цели она преследует, что было сделано с 2013 года в регионе и мире.

В настоящей статье авторами проанализированы проблемы и перспективы сотрудничества на региональном, национальном и глобальном уровнях, вопросы позиционирования Казахстана в этих разных измерениях, реализации национальных интересов в контексте соприкосновения с ЭПШП, а также значение «Экономического пояса Шелкового пути». В данной работе проведено исследование по развитию торговых отношений между странами ЭПШП.

**Ключевые слова:** «Экономический пояс Шелкового пути», торгово-экономическое сотрудничество, национальные стратегии развития.

**Zh.B. Rakhmetulina, A.T.Karipova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Silk road economic belt and national development strategies**

**Abstract:** Currently, the development of international economic relations is characterized by increased competition on a global scale, including between the traditional centers of the world economy. Against the background of the unprecedented advancement of Asia to the forefront of the world stage, the issue of the formation and development of the Silk Road Economic Belt (SREB) is very relevant. At the same time, a strengthening of regional interaction processes is observed in the global economy. In this context, it seems appropriate to conduct a kind of interim audit of China's program, which will give reason to understand why this initiative was launched, what specific goals it pursues, what has been done since 2013 in the region and the world.

In this article, the authors analyzed the problems and prospects of cooperation at the regional, national and global level, the issues of positioning Kazakhstan in these different dimensions, the realization of national interests in the context of contact with the SREB, as well as the significance of the "Silk Road Economic Belt". In this paper, a study was conducted on the development of trade relations between countries, the level of competitiveness of the export sector of national economies, and an assessment and analysis of the competitiveness of the export potential of Kazakhstan and China.

**Key words:** Silk Road Economic Belt, trade and economic cooperation, national development strategies.

### **References**

- 1 Zhang Hongzhou. Building the Silk Road Economic Belt: Problems and Priorities in Central Asia, Policy Report, Nanyang Technological University (2015), 20 p.
- 2 Sadykhanova G.A., Turginbayeva A.N., Celetti D., Nurtasova B.E. The trade and investment cooperation of the EAEU, *The Journal of Economic Research & Business Administration*, 126(4), 117-126 (2019)
- 3 Raimbekov Zh., Syzdykbayeva B., Zhenskhan D., Rakhmetulina Zh. The effectiveness of logistics development and its impact on the economies of the countries along the Silk Road passing through Kazakhstan, *Transport problems*, 13 (4), 127-143 (2018).
- 4 Uyanaev S.V. Initsiativa KNR Odin poias odin put: evoliutsiia dokumenty vzgliad iz Rossii [PRC initiative «One Belt, One Way»: evolution, documents, view from Russia], *Problemy Dalnego Vostoka [Problems of the Far East]*, 4. 8–21(2015) [in Russian]
- 5 Casey Michel. China Edging Russia out of Central Asia. *The Diplomat*, 11.11.2014 Available at: <https://thediplomat.com/2014/11/china-edging-russia-out-of-central-asia/> (accessed: 30.07.2019).
- 6 Shisong Zhu, Zhuo Zhang. Does the economic openness promote the five Central Asian countries 'economic development? - the analysis based on the data of 1992-2011, *Ekonomichnii visnik universitetu [Economic Herald of the University]*, 25/1, 141-148(2015).
- 7 Zakharova S.V., Sokolova O.Yu., Lysenko E.I. Pokazateli razvitiia vneshnei torgovli Evraziiskogo ekonomicheskogo soiuzia [Indicators of the development of foreign trade of the Eurasian Economic Union], *Razvitie mezhdunarodnogo torgovogo potentsiala Rossii problemy i perspektivy [Development of the international trade potential of Russia: problems and prospects]*, Saratov: Publishing House SSEI REU them. GV Plekhanova. (2016) [in Russian]
- 8 Kerr D. Strategic regionalism: central Asian and Russian perspectives on China's re-emergence, *International Affairs*, 86(1), 127–152 (2010)
- 9 Younkyoo Kim, Fabio Indeo. The new great game in Central Asia post 2014: The US «New Silk Road» strategy and Sino-Russian rivalry, *Communist and Post-Communist Studies*, 46(2),



275-286 (2013)

10 Shibutov M. Spetsifika sovremennykh torgovykh otnoshenii Kazakhstana i Kitaia ekspertnye otsenki [Specificity of modern trade relations of Kazakhstan and China: expert assessments] Available at: <http://do.gendocs.ru/docs/index-195690.html> (accessed 30.07.2019) [in Russian]

**Сведения об авторах:**

**Рахметулина Ж.Б.** – экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Карипова А.Т.** – экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Rakhmetulina Zh.** –Candidate of Economic Sciences, Professor of the department of «Economics and Entrepreneurship», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Karipova A.T.** –Candidate of Economic Sciences, Associate Professor of the department of «Economics and Entrepreneurship», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., Nur-Sultan, Kazakhstan.